

МУЗЫКА ҚАЙРАТКЕРІ, АКАДЕМИК АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ӨМІРНАМАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Хоблан Аружан Аманжолқызы

koblanaru06@gmail.com

«Халық әні» Білім бағдарламасының 1-курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к. Б.Ж. Тұрмағамбетова

Биыл композитор, ғалым, дирижер, қоғам қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл толды. Тұлғаны замандастары «қайран Ақа», оркестріміздің «кіндік атасы» деп еске алып отырған. *«Қайран» деген сөз – күй атасы Құрманғазының сөзі болса, «кіндік ата» деген атауды еліміздің көрнекті жазушысы Ғабит Мүсірепов айтқан»* [1, 95-б.]. Бұл екі сөз де бүгінде арамызда болмаса да, артында мол мұра қалдырған, академик Ахмет Қуанұлына деген халықтың құрметін білдіреді.

Біз мақаламызда халқының аяулы ұлы, ірі музыка қайраткерінің ұрпаққа үлгі өмірнамасындағы жан-жақты қырлары мен шығармашылығы туралы шолу жасаймыз. Әсіресе, арнайы оқулықтарда және энциклопедияларда балалық шағы туралы өте аз ақпараттар берілгендігін ескеріп, мақалалар мен әртүрлі авторлардың естеліктерінде толық емес жазылған оның өскен отбасы мен балалық шағы туралы мәліметтерге және тағы басқа да маңызды деректерге тоқталамыз. Мұнда арнайы үлкен сала болғандықтан оның ғылыми еңбектерін сөз етпейміз.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылы, сәуір айының 29 жұлдызында Орал облысы Темір уезіндегі Темір-Орқаш болысының¹ 8-ауылда орта шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Қуан арнайы оқымағанмен көзі ашық, көкірегі ояу, көпшіл, ауыл арасында сыйлы, өнерді құрметтейтін адам болған. Репрессия жылдарында ауылына қоныс аударып келген орыс, украиндармен етене жақын араласып, орыс тілін өз бетінше үйренеді. Ал анасы Бибішынар мінезді, жігерлі адам болған. Олардың шаңырағында Аққат пен Құдайберген деген ұлдары, Зиба, Дәмет, Ағиба атты үш қызы болған. Ал кенжесі дүниеге келгенде әкесі жүрегі жарыла қуанып, ауыл үлкендерімен кеңесіп, баланың атын Ахмет деп қояды.

Ахметтің музыкаға деген қызығушылығы ерте оянды. 1913 жылы сол ауылдан «Біркластық орыс-қырғыз» (қазақ) училищесі аталатын орыс мектебі ашылады. Онда дарынды бала үш жыл оқиды. Мектептің меңгерушісі Құсайын Әжіғалиев жұмысына ерекше мұқият, жан-жақты, өлең де шығаратын, қазақша айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» адам болған. Ауылда ол Жұбановтардың отбасында үш жыл бірге тұрып, Ахметке мандолин, домбыра, балалайка, скрипка аспаптарында ойнауды үйретті. Талапкер бала мұнымен тынбайды, сол маңдағы атақты домбырашы Талым қарттан күй үйренеді. Жас баланың Талым күйшіге баруы кездейсоқтық емес еді. Ол дүниеге келгенде жасалған шілдеханада ауыл ақсақалдары *«сол маңға белгілі атақты Талым күйшіге «сендей домбырашы болсын» деп сәбидің аузына түкіртті»* [2, 60-б.]. Музыка зерттеуші Жиенбек Рсалдин естелігінде Талымнан тұңғыш «Штат» атты күйін үйренгенін, ойын-тойларда қаршадай баланың домбырада күй төгілтіп, ән салуы мандолина, скрипкада ойнап өнер көрсетуі көпшілікті таңқалдырғанын жазған. *«Әдетте көп сөйлемейтін, сырт көзге ұялшақ көрінетін бала сабақ айтқанда, аспапта ойнап, ән салып, күй шерткенде өзгеріп салатын. Қолына домбыра немесе скрипка ұстаса болды дүниені ұмытып, көңіл күйі, қиял ойы сол музыкамен ілесе кететін»* – [2, 61-б.]. Осы естелікте дарынды бала әкесімен бірге туысқан Тәпен деген кісінің әйелі Балбөпеге барып «ән үйрет» деп маза бермейтіндігі, *«ал Балбөпе халықтың бұрмасы*

¹ қазіргі Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Ол кіші жүздің алты ата Әлім, оның ішінде Шекті руынан тараған.

көп небір қиын әндерді бұралтып, сан құбылтып шырқағанда таңқалдыратын әнші болғандығы» айтылған. Құлаққа жағымды, қоңыраудай ашық дауысты Балбөпе кішкене қайнысы Ахметті елден ерекше жақсы көрген, оған өзі білген әндерді жалықпай үйреткен. Осы естеліктен біз болашақ композитордың ұлттық күйлерді алғаш рет Талым домбырашыдан, ал әндерді жеңгесі Балбөпеден үйренгендігін білеміз.

Талапты оқушы он жасында Орқаштағы «Біркластық орыс-қазақ мектебін» ойдағыдай бітіріп, Жұрындағы екікластық орыс мектебіне түседі. Осы жылдарда оның өміріне өшпес із қалдырған қиын жағдай орын алды. Ол туралы *«Жұбанов он жасында қатар балалармен ойнап жүріп, көзін зақымдап алған. Осы кемшін оны өмір бойы мұқатып келсе керек. Сонысы бетіне шіркеу болғандықтан ба, Жұбанов сол кемшілігін жасыру үшін көзін сығырайта берген»*, - деп оны мүсінін жасаушы КСРО халық суретшісі, Социалистік еңбек ері, академик Е.В.Вучетич естелік айтқан [3, 25-б.].

Ахметтің өскен ортасы туралы айтар болсақ, жазғы демалыс кезінде қазақ әдебиеті тарихында белгілі жазушылардың бірі – Жиенғали Тілепбергеновтен тәлім алып, қазақша сауатын ашады. Сонымен қатар ол араб және парсы тілдеріндегі жазбаларды оқып үйренеді. Орыс және қазақ тілдерін жетік меңгерген, шығыс әдебиетін де, қазақтың бай әдеби мұрасын да жақсы білетін Жиенғали жас жеткіншекке ерекше әсер етеді, яғни, туған халқының рухани мұрасын құрметтеуге баулып, мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Оның білімге деген ынтасының артуына Хусаиния медресесінде оқитын ағасы Құдайбергеннің де ықпалы зор болды. Құдайберген інісін шығыс және қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларымен таныстырып, олардың көркемдік ерекшеліктерін түсіндіреді. Әр халықтың әдебиеті мен мәдениетінің тарихи маңызы туралы айтып, бозбаланың ой-өрісін дамытады. Сонымен қатар ол ауылға қайтқан сайын өзімен бірге көптеген қызықты кітаптар алып келіп, інісінің кітап оқуға деген құштарлығын арттыра түседі.

Жұбановтар отбасындағы балалардың жан-жақты болып қалыптасуына сол кездегі газет журналдардың да ықпалы үлкен болды. Ахметтің әкесі Қуан «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын, сондай-ақ татар тіліндегі бірнеше газеттерді жаздырып алып отырған. Ал Жиенғали Уфадан «Садақ» журналын, Құдайберген Орынбордан «Тез» журналын әкелген. Бұл басылымдардың ерекшелігі – олар медресе шәкірттерінің жасырын түрде шығарған журналдары болатын. Онда діни уағыздан гөрі жастарды өнер мен білімге ұмтылуға, орыс және әлем мәдениетімен танысуға шақыратын мақалалар жарияланды. Сонымен қатар орыс классиктерінің шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып отырды. Осындай материалдар жасөспірім оқушының ой-өрісінің дамуына, мәдениет пен өнерге деген қызығушылығының артуына ықпал етті [2].

Білімге құштар оқушы екікластық орыс мектебін тәмамдаған соң, Орал қаласындағы реалдық училищеге түсуге ниеттенеді. Алайда сол кезеңдегі азамат соғысының салдарынан теміржол қозғалысы бұзылып, арманы жүзеге аспайды. Оның үстіне балаларының білім алуына ерекше көңіл бөлген, олардың саналы азамат болып қалыптасуы үшін көп еңбек сіңірген сүйікті әкесі сол өңірге тараған сүзек ауруынан қайтыс болады. Бұл жағдай ауыр соққы болып, әкесінен айырылған Ахмет ерте еңбек етуге мәжбүр болды. Ол біраз уақыт ауыл округінде «бала хатшы» ретінде қызмет атқарады. Сол жылдары ел ішінде ашаршылық күшейіп, халықтың тұрмысы ауырлай түседі. Өнер-білімге құштар жеткіншек еңбекке ерте араласып, өмірдің ауыртпалығын жастайынан сезінеді. Он сегіз жасқа толғанда өз ауылында ашылған «Шамшырақ» атты оқу үйінің меңгеруші қызметіне тағайындалды. Кейін ол Ақтөбедегі халық мұғалімдерін даярлайтын курсты аяқтап, туған ауылындағы Ақжар мектебінде меңгеруші әрі мұғалім болып жұмыс істейді. Бұл мектепте екі жыл қызмет атқарған соң Темір қаласындағы жетіжылдық мектепке оқытушы болып ауысады [2].

Темір қаласында жүрген кезде Ахмет өз бетімен музыкалық сауатын ашуға талпынып, И.О. Пирожниковтың «Музыкалық сауаты» және Н.С. Потоловскийдің «Музыканың элементарлық теориясы» атты кітаптарын алдыртады. *«Москвадан 45 сомға мандолина алдырады. Темірдегі музыка әуесқойлары ұйымдастырған орыстың халық аспаптар оркестріне қатысып, балалайка, мандолина, гитарада кезек ойнайды. Сөйтіп жүріп ол есту*

арқылы «Орман ертегісі», «Па-де Эспан», «Барыня», «Коробейники» сияқты музыкалық шығармаларды ойнау дәрежесіне жетеді», – [2, 63-б.].

Жиырма екі жас жігіттің өміріне өзгеріс әкелген маңызды кездесу болады. Ол Ақтөбе қаласына білімін жетілдіру курсына барған уақытта кинотеатрда дыбыссыз фильмдерді музыкамен сүйемелдеп отыратын скрипкашымен танысады. Петр Георгиевич Чернюк есімді карт музыкант жас жігітті жылы қабылдап, әңгіме барысында 1915 жылы Варшава консерваториясын скрипка класы бойынша алтын медальмен бітіргенін айтады. Әңгіме барысында Ахметтің музыкаға деген шынайы қызығушылығын байқаған ол жас жігітке міндетті түрде музыка саласында білім алуға кеңес береді. Сонымен бірге музыка теориясы мен сольфеджио пәндерінен сабақ алудың маңыздылығын түсіндіреді.

Бірде губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі Решетняк А.Жұбановқа А.В. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» атты жинағын сыйға тартады. Бұл кітап оған ерекше әсер етіп, кітапты скрипкашыға көрсетеді *«Чернюк Затаевичті біледі екен, олар Варшава консерваториясында бірге оқыған болып шықты. Бірақ Затаевичтің этнографиялық іспен шұғылданып жүргенінен бейхабар П.Чернюк оның жинағын көргенде қайран қалды. Сол жерде жинақты ашып жіберіп, бірнеше қазақ әнін әндегіп атып та шықты. Бұрын сольфеджирование сияқты нота арқылы бірден дауыстап оқуды көрмеген Ахмет бұған қайран қалды»* [2, 63-б.].

Жас жігіттің талабын байқаған скрипкашы оған музыка саласында білім үйретуге дайын екенін айтады. Көп кешікпей Ахмет Ақтөбеге келіп, татар слободкасындағы қазақ мектебіне мұғалім болып орналасады. Ақтөбеде өткізген бір жыл оның болашақ шығармашылық жолында ерекше маңызға ие болды (астын сызған – А.Хоблан). ол мұғалімдік қызметін атқара жүріп, білімін одан әрі жетілдіреді. Мектептегі мұғалімдер ұйымдастырған драма үйірмесіне қатысып, сахналық қойылымдарға да араласады.

Осы тұста талабы зор жігіттің кейін фильмдер мен спектакльдерге музыка жазуы мен опера жанрына қалам тарқаны кездейсоқ емес екенін түсінеміз.

Уақыт тапшылығына қарамастан ол музыкалық білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. *«Айына 8 сом ақша төлеп Чернюктен музыка теориясы мен сольфеджио пәндері бойынша сабақ алып, скрипкада ойнау техникасын меңгереді. Сонымен қатар Ақтөбе халық аспаптар оркестрінің үйірмесіне де қатысып тұрады. Уақыт өте келе ол бұрын тек таңырқап тыңдаған Затаевич жинағындағы қазақ әндерін нота арқылы еркін оқып, орындау деңгейіне жетеді»* [2, 64-б.].

Музыка өнеріне деген қызығушылығы әсіресе, Затаевич сияқты қазақ музыкасын зерттеп, дамытуға үлес қосуды армандап, оны тек тәлімгеріне айтып, ұстазы оны қолдап, жігер береді. Оның өмір жолын түбегейлі өзгерткен Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағы болатын (астын сызған – А.Хоблан). Көп ұзамай ол Ленинград қаласына барып білім алуға бел буады. Музыкаға деген ерекше құштарлығы мен табиғи қабілетінің арқасында Ахмет қысқа уақыт ішінде музыка теориясын жақсы меңгеріп, үлкен арманға жақындай түседі. Ал А.В. Затаевичтің қазақ музыкалық мәдениетіне қосқан зор еңбегі оның арманына қанат бітіріп, жаңа белестерге жетеледі.

1929 жылы Ахмет Қуанұлының өмірінің жаңа белесі басталды. Ол ағасы Құдайбергенмен бірге Ленинградқа оқуға барады. Тағдыр оны гобой аспабынан сабақ беретін танымал музыкант, профессор Ф.А.Ниманның класына әкеледі. Ф.А.Ниманның В.В.Андреев атындағы Орыс халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және дирижері болуы шәкіртке орасан зор әсер етті, ол оркестрдің дайындығына барып жүріп, өмірлік тәжірибе жинады. Яғни, отызыншы жылдары Алматыда ұстазы секілді (болашақ Құрманғазы атындағы) қазақ халық аспаптары оркестрін ұйымдастырып, оркестрдің дирижері және көркемдік жағын басқарушы болған еді. Ленинградтағы педагогикалық, музыкалық және этнографиялық лекциялар оның музыка зерттеуші және фольклоршы ретінде қалыптасуына әсер етті. Ол еуропа және орыс классикалық музыкасының ірі жанрларымен кеңінен танысты.

Консерваторияда оқып жүрген кезінде А.Жұбанов өзінің алғашқы еңбегі «Музыка сауатының әліппесі» атты кітабын аударады. 1931 жылы А.Затаевич оның еңбегін жоғары

бағалап қанаттандырады, бұл кездесу оған халық музыкасын зерттеуге жол ашты, сол жылдың жазында Ахмет 50-ден астам ән-күй жинап нотаға түсірді.

Тарихтан белгілі болғандай маман тапшылығына орай ол консерваторияны мерзімінен бұрын бітіріп, аспирантураға түседі. Бірақ аспирантураны аяқтауға мүмкіндік болмады. Өйткені, екі жылдан соң Алматыда жаңадан ашылған музыкалық техникумға шақырылып, директордың орынбасары болып қызмет істеді және музыка тарихы мен теориясынан сабақ берді. Ол оқу бөлімін меңгере жүріп, ұлттық кәсіби музыка білімінің негізін қалады. Осы жылдарда мәдениет тарихымыздан оқу орнында қазақтың ән-күйлерін зерттейтін кабинет пен музыка аспаптарын жасап шығаратын шеберхана ашқанын білеміз. Тарихта алғаш рет Ахмет Жұбанов музыка училищесі студенттерінен шағын 11 адамнан құрылған домбырашылар ансамблін құрды. Оның ішінде Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Қали Жантілеуов сияқты көрнекті халық музыканттары болды. Жанкешті еңбек еткен жанның қызы Ғазиза Жұбанованың айтуы бойынша: *«Техникумда орын аз болғандықтан, әкем кейде ансамбль репетицияларын өз пәтерінде, екі бөлмесінің бірінде өткізетін»* (аударған – А.Хоблан) [4, с.31].

1936 жылы Ахмет Қуанұлы Мәскеуде өткен өткен атышулы қазақ өнерінің онкүндігінде ұлт аспаптар оркестрін дирижерлап, үлкен жетістікке жетті. Ол опера және балет театрында да дирижер қызметін атқарды. Оның ағартушылық жұмыстары арқылы болашақ сыншы, публицист және ғалым тұлғасы да қалыптасты. Халық әншілері мен домбырашылары туралы мәліметтер жинап, фольклорлық зерттеулерін шыңдай түсті. Зерттеушінің осы саладағы табысты еңбегі 1936 жылы жарық көрген «Қазақтың халық композиторы Құрманғазы» атты очеркі болатын, кейін басқа халық композиторлары жөнінде де еңбектер жазды.

Отызыншы жылдардың соңында музыканттың композиторлық шығармашылығы басталады. Сол жылдары ол бірактілі музыкалық драмалық қойылымдарына музыка жазып, қазақ халық аспаптар оркестрімен орындаған. Мәселен, «Сары» (А.Тәжібаев либереттосына), «Бақыт таңы» (Х.Есенжановтың либереттосына), «Азат қыз» (М.Әуезовтің либереттосына), «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (Ғ.Мүсіреповтің либереттосына) және қолжазба күйінде сақтаулы бірнеше партитуралар жазды. 1938 жылы М.Гнесинмен бірлесіп қазақ киносының тұңғыш көркем фильмі «Амангелдіге» музыка жазды. Оның қаламынан жиырмаға жуық ән-романстар, хорға арналған 9 шығарма, фортепианолық билермен бірге онға жуық жеке аспаптарға арналған камералық-аспаптық пьесалар, басым бөлігі қолжазба күйінде сақталған 15 поэма, фантазия мен сюиталары бар.

Ірі шығармаларына тоқталар болсақ, Л.Хамидимен бірлестікте Абай (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) операларын жазды. Ал ғылыми шығармаларында 20 жуық (шағын кітапшалар мен) кітаптары бар.

Қазақ музыка өнерін дамыту үшін республикамызда жоғары білімді, кәсіби мамандар қажет болғандықтан 1944 жылдың басында Алматы қаласында консерватория ашылды. Сол жылдың желтоқсан айында белгілі композитор әрі музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов осы оқу орнының алғашқы ресми директоры болып тағайындалып, консерваторияның қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Ол оқу орнында әртүрлі бөлімдердің ашылуына, білікті оқытушылардың жиналуына үлкен көңіл бөлді. Сонымен қатар студенттердің кәсіби деңгейде білім алуына жағдай жасап, олардың өнерге деген құштарлығын арттыруға күш салды.

Қазақ зиялыларының заман саясатымен қудалауға ұшырағаны туралы айтқанда Жұбановтар әулетін айналып кете алмаймыз. Сталиндік саясат салқыны оның да өміріне әсер етті. Осы орайда ресми деректерде 1951-1953 жылдары А.Жұбанов Мәскеу қаласында іс-сапарда болды деп жазылған. Шын мәнінде алдымен «халық жауының інісі» деп, кейін 1942 жылы шыққан ғылыми еңбегі үшін қудалауға ұшырады. Көптеген әріптестерінің қысымымен өміріне қауып төнгендіктен, ол амалсыздан Мәскеуге барып паналады. Мұнда уақытты тиімді пайдаланып, кәсіби білімін шыңдай түседі [5]. 1953 жылы саясат өзгере

бастаған кезеңде композитор Алматыға оралып, консерваторияда ұстаздық қызметін жалғастырып, қазақ музыка өнерін дамытуға белсене кіріседі.

Ахмет Қуанұлының қоғамдық қызметі де ұлттық өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан маңызды сала. Ол тек композитор және ғалым ғана емес, сонымен қатар елдің мәдениетін дамытуға көп үлес қосқан белгілі қоғам қайраткері. Қайраткер мәдени мекемелердің қалыптасуына да айрықша үлес қосты. Сонымен бірге көптеген білім мен өнер мекемелерінің ашылуына мұрындық болып, басында тұрды. Ол Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ұйымдастырылуына белсенді атсалысып, біраз жыл осы мекеменің директоры әрі көркемдік жетекшісі, сонымен бірге 1939 жылы құрылған Қазақстан Композиторлар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болды.

Ахмет Жұбанов дарынды жастардың музыкалық қабілетін ерте жастан дамыту қажет екенін жақсы түсінді. Оның ойынша, жас жеткіншектердің өнерге деген қабілетін бала кезінен байқап, сол уақыттан бастап қолдау табуы керек. Сол кезеңде Қазақстанның көптеген қалаларында музыкалық мектептер болғанымен, ол мектептерде негізінен қала балалары ғана оқи алатын. Ал ауылдағы балаларға мұндай мүмкіндік аз еді. Дегенмен қазақ ауылдарында өскен балалар кішкентайынан халық әндері мен күйлерін тыңдап өскендіктен, олардың арасынан талантты музыканттар жиі шыққан. Оны жақсы білген композитор ауыл балаларына арнайы білім беретін музыка мектебін ашу керек деген мәселені көтереді. Нәтижесінде 1964 жылы Алматы қаласында дарынды ауыл балаларына арналған арнайы музыка мектебі ашылды. Бұл мектепте оқушылар жалпы білім беретін пәндерден бөлек кәсіби музыкалық білім де алып, талантты ауыл жастарының өнер жолына түсуіне жол ашылды.

Тұжырымдай айтқанда, А. Қуанұлының өмірнаамасындағы аса мән берілмей келе жатқан деректерге назар аударудың маңызы зор. Мәселен, Бірінші Құрманғазы қазақ халық аспаптар оркестрінің негізін қалаған тұлғаның домбыра үйреткен алғашқы тәлімгері – Талым күйші туралы тек қана белгілі бір естеліктерде ғана айтылып жүр; Сонымен бірге мектептегі алғашқы ұстазы және әртүрлі аспаптарда ойнауға үйреткен Құсайын Әжіғалиевпен қатар, есімі міндетті түрде аталуы тиіс тұлғалардың бірі – Ақтөбе қаласында оған кәсіби тұрғыдан музыка теориясы мен сольфеджионы үйреткен, музыка саласына бетбұрыс жасауына ықпал еткен кәсіби скрипкашы П.Чернюк еді. Сонымен бірге ескерілуі қажет тағы бір жәйт – этнограф А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағы оның өміріне түбегейлі өзгеріс әкелгендігі. Жас жігіт А. Затаевич секілді тұлға болуды армандап, мақсатына жету жолында табандылықпен еңбек етті.

Алдағы уақытта осы айтылған жәйттарды ескеру өте маңызды деп ойлаймыз. Себебі олар Ахмет Қуанұлы сияқты ірі тұлғаның қалай қалыптасқанын, музыкаға қалай келгенін және оның шығармашылық жолына не әсер еткенін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Яғни, оқулықтар мен энциклопедияларда бұл деректерді назардан тыс қалдырмай толықтырып, өмірнаамасын тұтастай жазған жөн.

Қазақ музыка өнерінің көрнекті қайраткері, композитор, ғалымның өмірі ерте аяқталып, ол ойлаған көптеген жоспарын толық жүзеге асыра алмады. Өнертану ғылымдарының докторы, академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1968 жылы 30 мамырында дүниеден өтті. Дегенмен оның қалдырған еңбектері мен тәрбиелеген шәкірттері қазақ музыка өнерінің дамуына әлі күнге дейін өз үлестерін қосып жатыр. Танымал татар композиторы Н.Жигановтың сөзімен айтқанда: *«Егер әр композитор Ахмет Жұбанов тәрізді өз халқын сүйсе, онда ол әр ұлттың мәдениетінің дамуына қосылған үлес болар еді. Оның бойында ғылымның ақылы мен қарапайым қазақы болмыс тоғысқан. Табиғатында халқымыздың салт дәстүрі сақталған, ел үшін аянбай еңбек ететін тұлға»* [6, 85-б.].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тастанов Х. Ғалым. Композитор. Ұстаз. //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.95-97.

2. Рсалдин Ж. Ұядан ұшқанда //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б. 59-65.
3. Ахмет Жұбановтың 100 жылдығына арналған альбом / Идея авторы және жоба жетекшісі М.Ақдәулетұлы/. – Алматы: Атамұра, 2006.
4. Жұбанова Ғ. Отец «услышал» мой музыкальный талант //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова). – Алматы: Өнер, 2006. – 31-33 с.
5. Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репрессии /под. ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 210 с.
6. Жұмақова Ү., Кетегенова Н. Қазақтың музыкалық әдебиеті. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 273 б.